

## Келістіру комиссияларының еңбек дауларын қарau тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы

### *Күшін жойған*

БҰЙРЫҚ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2000 жылғы 15 ақпан N 37п Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 06 наурыз өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп тіркелді. Тіркеу N 1071/. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2008 жылғы 17 қантардағы N 16-ө бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2008 жылғы 17 қантардағы N 16-ө бұйрығымен.*

*Үзінді:*

*"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:*

1. "Келістіру комиссияларының еңбек дауларын қарau тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 15 ақпан N 37-п бұйрығының күші жоғылды дәп та нағылсын.

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*М и н и с т р*

---

*"Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 97, 98, 100 және 101-баптарын дәл қолдану және еңбек дауларын қарau тәртібін реттеу мақсатында БҰЙЫРАМЫН:*

1. Қоса беріліп отырған Келістіру комиссияларының еңбек дауларын қарau тәртібі туралы Нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Мемлекеттік еңбек инспекциясының басқармасы (С. Бисақаев) осы Нұсқаулықты қолдану бойынша жергілікті жерлерде қажетті түсіндірме жұмыстарын ұйымдастырын.

3. Осы бұйрықтың атқарылуын бақылау Еңбек қатынастары департаментінің директоры В.В. Кожевниковке жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қазақстан Республикасы Еңбек  
және халықты әлеуметтік қорғау  
министрінің 2000 жылғы  
15 ақпандасы N 37-п

бекітілген

Келістіру комиссияларының еңбек дауларын  
қарастырылған туралы

### НҰСҚАУЛЫҚ

#### 1. Жалпы ережелер

1. Жеке еңбек дауы - қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы еңбек туралы  
зандарды қолдану мәселелері жөніндегі, жұмыс беруші (жұмыс беруші өкілі) мен  
қызметкер (қызметкер өкілі) арасында бұрын реттелмеген жеке еңбек, ұжымдық  
шарттардың талаптарын орындау туралы келіспеушіліктер.

2. "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасы  
Заңының 97-бабына сәйкес еңбек даулары тараптардың келісімі бойынша немесе  
с о т тәртібімен қаралады.

3. "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасы  
Заңының 98-бабына сәйкес еңбек дауларын тараптардың келісімі бойынша  
келістіру комиссиялары қарауы мүмкін.

#### 2. Келістіру комиссиясын ұйымдастыру

4. Келістіру комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) жұмыс берушінің өкілдері  
мен қызметкерлер өкілдерінің тең мүшелерінен тепе-тең негізде құрылады.

5. Қызметкерлер өкілдерін келістіру комиссиясына ұйымның жалпы  
жиналысы (конференция) тағайындалады.

6. Жұмыс берушілер өкілдерін Комиссия құрамына ұйымның басшысы  
тағайындалады.

7. Жұмыс беруші өкілдерінің саны жалпы жиналыста белгіленген  
қызметкерлер өкілдерінің санына сай келуге тиіс. Комиссияның сандық құрамы  
мен оның өкілеттік ететін мерзімін тараптардың өкілдері белгілейді.

8. Комиссия мүшелері алғашқы ұйымдастыру мәжілісінде өз құрамынан

төраға мен хатшыны сайлайды. Комиссияның төрағасы мен хатшысы егер олар  
үшін Комиссия мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берсе сайланған деп  
саналады.

9. Комиссияның төрағасы болып кез келген тараптың өкілі сайлануы мүмкін.

10. Келістіру комиссиясын ұйымдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді (жабдықталған үй-жайлар, оргтехника, қажетті әдебиеттер беру, іс жүргізуі, қызметкерлердің өтініштерін есепке алу мен сақтауды ұйымдастыру, шешімдердің көшірмелерін дайындалап, беру және т.б.) жұмыс беруші жүргізеді.

### 3. Комиссияның еңбек даулары бойынша құзыреті

11. Комиссия еңбек үрдісі кезінде қызметкер мен жұмыс беруші арасында туындастырылған еңбек дауларын қарау жөніндегі орган болып табылады.

Комиссия:

- 1) басқа жұмысқа ауысу және басқа жұмысқа ауысу кезінде еңбекақы төлеу;
- 2) жеке еңбек шарттарының талаптарына өзгерістер енгізу;
- 3) жұмыс уақытының режимі, еңбек тәртібі;
- 4) демалыстың ұзақтығы, соның ішінде жыл сайынғы демалыстың ұзақтығы;
- 5) тәртіптік шаралар қолдану туралы;
- 6) еңбекке ақы төлеу және еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі еңбек дауларын;
- 7) еңбек туралы зандар, жеке және ұжымдық шарттарды қолдану мәселелері жөніндегі басқа да дауларды қарауы мүмкін.

### 4. Еңбек дауларын қарау тәртібі

12. Еңбек туралы зандарда өзгеше көзделмегендіктен қызметкер еңбек дауларын қарау үшін Комиссияға азаматтық зандарда белгіленген мерзімдерде өтініш жасауға құқылы.

13. Комиссияға келіп түскен қызметкердің өтініші комиссия хатшысында міндettі түрде тіркелуге тиіс. Өтінішті алудан бас тартуға жол берілмейді. Хатшы өтінішті дәлелденген шешімдер шығаруға тиісті Комиссияның қарауына беруге міндетті.

14. Комиссияның отырысы, әдетте, жұмыстан тыс уақытта өткізіледі. Егер белгілі бір себептермен еңбек дауларын жұмыстан тыс уақытта қарау мүмкін болмаса сол үйимда жұмыс істейтін комиссия мүшелеріне, қызметкерге, куәгерге, сарапшыға және басқа қатысушыларға ұжымдық шарт негізінде, ал ол жасалмаған болса жұмыс берушінің шешімімен жалақысы сақтала отырып уақыт

**б е р і л е д і .**

15. Еңбек дауы өтініш берген қызметкердің қатысуымен қаралады. Қызметкердің өзі болмағанда дауды қарауға оның жазбаша өтініші бойынша ғана жол беріледі. Қызметкер Комиссия отырысына келмеген жағдайда өтінішті қарау кейінге қалдырылады. Қызметкер екінші рет себепсіз келмей қалған жағдайда Комиссия бұл өтінішті қараудан алтып тастау туралы шешім шығарады, ал бұл қызметкердің тағы да өтініш жасау құқығынан айырмайды.

Бұл жағдайда өтініш алғаш рет түскен ретте қаралады.

16. Комиссия істің мән-жайын анықтау үшін отырысқа куәгерлерді, мамандарды шақыруына болады.

17. Егер Комиссия мүшелерінің кемінде жартысы, қызметкерлер өкілдері мен жұмыс берушілер өкілдері тепе-тең процентпен қатысса оның отырысы өкілетті деп саналады.

## 5. Комиссияның еңбек даулары жөніндегі шешімдерді қабылдау тәртібі

18. "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 100-бабына сәйкес келістіру комиссиясы еңбек дауын өтініш түскен күннен бастап үш күн ішінде қарауға міндettі.

19. Комиссияның әрбір отырысында еңбек дауларын қараудың барысы жазылатын белгіленген нысан бойынша хаттама жүргізілуі керек. Қарау нәтижелері бойынша келістіру комиссиясы шешім шығарады.

20. Шешімге отырыс біткесін төраға мен хатшы қол қояды. Комиссия отырысының шешімінің көшірмесі үш күн ішінде қызметкер мен жұмыс берушіге тапсылады.

21. Комиссия шешіміне айрықша талап қойылады, ол тиянақты, үзілді-кесілді болуы және оның мүшелерінің басым көвшілік дауысымен қабылдануға тиіс. Жекелеген мүшелер көвшілік пікірімен келіспеген жағдайда олар өз пікірлерін білдіріп, ол хаттамаға тіркеледі.

22. Шешім әкімшілікке үндеу ретінде рәсімделмеуге тиіс (мәселен, "жұмыс берушіден өтінуге", "директорға ұсыныс беруге" және т.б.). Онда: қызметкердің талабы қанағаттандырылғаны немесе одан бас тартылғандығы, егер ішінара қанағаттандырылса, нақты қай бөлігіне қатысты қанағаттандырылғаны, және бас тартылса қандай себептермен бас тартылғаны көрсетіледі.

Ақшалай талаптар мәселелері бойынша шешімде қызметкерге тиесілі нақты сома көрсетілуге тиіс.

23. Комиссия шешімінің күші міндettі, ол қайсыбыр дәлелдемелерді

керек етпейді. Шешім дәлелді болуға, еңбек туралы қолданылып жүрген зандар мен жеке және ұжымдық шарттарға, ішкі күн тәртібі мен нұсқаулықтарға негізделуге тиіс.

24. Егер Комиссияның шешімдерін атқару барысында тараптар арасындағы дауды түсіндіруде келіспеушіліктер туындаса, онда ол алғашқысын түсіндіретін қосымша шешім шығаруға құқылы.

6. Комиссияның еңбек даулары жөніндегі шешімдерін  
орындау және оған шағымдану

25. Өтініш иесінің талаптарын қанағаттандырған келістіру комиссиясының шешімін келесі жақ үш күн мерзімде аткарады (Еңбек туралы заңын 100-бабы).

26. Комиссияның еңбек даулары жөніндегі шешімімен келіспеген жағдайда қызметкер немесе жұмыс беруші сотқа шағымдануға құқылы.

7. Еңбек дауларын сотта қарау тәртібі

27. Еңбек дауларын сотта қараудың тәртібін Қазақстан Республикасының зандары белгілейді.

28. "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Заңын 101-бабына сәйкес қызметкерлер еңбек құқығы қатаинастарынан туындейтын талаптар бойынша сотқа шағымданғанда мемлекет кірісіне түсетін (істі қараумен байланысты мемлекеттік баж және шығындар) сот шығындарын төлеуден босатылады.

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Қасымбеков Б.А.